

## 8 – лекция: «Ел қорғаны» пьесасы және заман шындығы

*Пьесадағы жастар психологиясы*

*Авторлық таным*

«Ел қорғаны» пьесасында сол кездегі қараңғы қазақ ауылына өкіл боп барып, саяси жағдайды, жаңа өкімет көзқарасын оқыған азамат түсіндіреді. Ол төңкерістің жайын, «ақтар» мен «қызылдардың» кім екенін, «ақтарға» қарсы елді қорғайтын жасақ ұйымдастыру қажеттігін айтады. Елді өзін-өзі қорғау ісіне жұмылдырады. Бұл да шығарманың ашық идеясы. Революция дәуіріндегі әр қилы пікір, ой таластарын саралай келе, жазушы оқығанның аузымен оларға баға береді.

Бұл шығармаларда идея көбінесе үгіттік үлгіде ашылатыны да байқалмай калмайды. Жазушы оны дәуір талабы есебінде қояды. Қараңғы қауымға жаңалықты сахна арқылы жеткізуді көздейді.

Жүсіпбектің пьесалары идеялық мазмұнының байлығымен ғана емес, драмалық тартыстың өткірлігімен, характер жасаудағы ізденістерінің әрқилылығымен ерекшеленеді. Ол тартысқа негіз етіп әлеуметтік қайшылықты алады. Сол қайшылықты күрестерде әр қилы топ өкілдерінің ұстанған бағытын анықтап, образдарды даралауға ұмтылады.

Б.Құндақбаев Жүсіпбек пьесаларының басқа драматургтердің еңбектеріне ұқсамайтын ерекшелігі есебінде психологиялық толғанысты ашудың өзгеше жолына назар аударады. «Оның барлық пьесалары шымылдығының ашылуы жеке кейіпкерлердің психологиялық толғанысынан бастау алады. «Рабиғада» оқиға өзімен-өзі іштей арпалысып отырған Рабиғаның монологінен басталса, «Ел қорғанында» Оқығанның әңгімесінен, «Қанапия— Шәрбануда» Шәрбанудың шешесі Үмсынайдың уайымға толы үрейлі монологінен, «Мансапқорларда» болыс сайлануды армандаған Мүсілімнің айла-тәсілінен, ішкі жоспарынан басталады. Осылай басты кейіпкердің сөзінен немесе монологтерінен басталған пьесаның әрекеті ширақ, кейіпкерлері барлық, оқиғалардың түйінін шешіп, соның тізгінін пьесаның аяғына дейін (аталған мақала, 21-бет) ұстап отырады».

Жүсіпбек пьесаларындағы адам сезімінің ішкі иіріміне, оның нәзік қылдарын баса білген шеберлігіне көңіл аудара қарасақ, Б.Құндақбаев байқаған жазушы ерекшелігі туралы ойлардың шындығына көзің жетеді. Әдет-салтқа мойынсұнып шалға барған жас келіншек Рабиғаның ішкі ой-сезімін Ахметтің әні талқандап кетеді. Теңіне қосыла алмай қалған Рабиға, ендігі жерде іске аспаған арманына ой жіберіп, шалының дәкір, тұйық мінезін міней бастайды.